

МӘШҮР ЖҰСІП БҰЛАҒЫ

Мәшһүр Жұсіптің өмірінің соңғы күндері Ескелдідегі / Негізгі аты Иесі келді/ «Сары бұлақ» деген бұлақтың етегінде өткени баршамызға мәлім. Атамыздың қолы тиғен бұлақ бүгінде бар. Кішкене дөңнің бір жақ шетіндегі тасты жарып шығып жатқан шипагерлік қасиеті мол бұлақтың сүсі ете жұмсақ, дәмді әрі меп-мелдір таза. Сондықтан болар, атамыш бұлақ сүсін әрқашанда ішे бергің келіп тұрады. Сары бұлақтан ақсан бұлақ сүсінің адамға да төрт түлік малға да берері мол. Тарихы өте теренде жатқан киелі бұлақ сүсін ертеден ата-бабамыз «ағын судың арамы жоқ» деп қадірлей білген.

Бұл бұлақтың сүсі тұмаға, көкжетелге, бозөкпеге, демікпеге, бүйрек және жүрек ауруларына, теміреткі, түрлі бәртпе жарапарға, жалпы ішкі ағзаларға таптырмас ем. Бұлақтың сүсін таңартен аш қарынға ішкен жөн. Ғалымдардың пайымдауынша, бұлақ сүсінда 11 түрлі минералдық заттар бар. Табиги, мелдір тау сүсінің құнары ішкі ағзаларды тазартып, қан айна-

лымын ретке келтірепі хақ. Бұлақ сүсінің шипагерлік қасиеті оның нәрлі болуына байланысты. Ол үнемі қозғалыста болғандықтан жер астының қуыстарымен майда құмдар арқылы мындаған шақырымдардан өтіп, жолшыбай өзіне табиғи минералдарды сініріп отырады. Ал күндіз са мауырын қойып, терлеп отырып ішкен шайдың дәмі да бір бөлек. Үрттаган адам бойындағы бар де ртінен айырып, жаны пәк болып, бойында пайдада болған женілдікті де байқамай қалады.


Мәшһүр Жұсіп кесенесіне зи арат етіп келген жандар Сары бұлаққа соқпай кетпейді. Кезінде осы бұлақ Мәшһүр Жұсіптің және оның айналасындағы адамдардың тіршілік көзі болған. Кесенедегі қонақ үйге электр желісі тартылғанға дейін, баршамыз сол бұлақтың сүсімен күн кештік. Бүгінгі таңда бұлақ сүсінің кереметіне тамсанған жан көп. Тіпті Жаңажол ауылының тұргындары сол суды әлі де алғызып ішеді.

Адам ағзасы тәулігіне 4 литр су

жогалтады. Ол тер күйінде дene терісінен, несеп күйінде бүйрек арқылы сыртқа шығады. Ағзада су жетіспесе, буын-буынға, бүйрекке, өтке тұз, тас байланады. Қаладағы судың құрамында кальций мен магний тұздары қажетті мөлшерден көп болады. Сонымен бірге су желісіндегі темірдің дәмі мен хлордың ісін естен шығармаған жөн. Сондықтан да табиғаттың құнарлы да шипалы сүсі бұлақ екені ақырат. Бұлақтың сүсі:

- Дене температурасын тұрақтандырады.
- Бүйрек және бауырдағы қалдықтарды (шлак) тазалайды.
- Дәруменнің және минералдардың таралуын қамтамасыз етеді.
- Ас қорыту жүйесін женілдетеді.
- Тері ауруларына шипа.
- Нерв жүйесін тұрақтандырады.

Әсет Пазылов
«Мәшһүр-Жұсіп»
мұражайының ғылыми
қызыметкери.
Павлодар облысы, Баянауыл
ауданы



Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлының өмірінің соңғы жылдарында тіршілік еткен Ескелдідегі үйінің алдында орналасқан бұлақ.

